

02.06.2019 ж.

«Ел жүрегі – Нұр-Сұлтан»

Нұр-Сұлтан - тәуелсіз Қазақстанның мақтанышына айналған Елордасы. Арқаның төсінде орналасқан айбынды астанамыздың көрікті, көздің жауын алар, жаңа үлгідегі биік-биік ғимараттары қалаға ерекше сән береді. Жер бетіндегі Еуразия құрлығының кіндігінде орналасқан Нұр-Сұлтан - Еуразия мен Азияны жалғастырушы алтын көпір, қақпаның кілті болса, күллі қазақ халқының-жүрегі. Осындай әлем таныған Елордамыздың туған күніне орай №2 облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының оқу зал бөлімі «Ел жүрегі – Нұр-Сұлтан» атты арнайы дайындаған кітап көрмесін оқырмандарға ұсынды.

Аталған көрменің мақсаты - Елордамыздың 21 жыл ішінде даму жолдары мен тарихи кезеңдерін насихаттау арқылы астананың абыройын асқақтату. Тақырыпқа сай безендірілген көрме «Астана тарихы-ел тарихы», «Әлем таныған – Нұр-Сұлтан» атты екі бөлімнен тұрады.

Қазақстан Республикасының астаналарының қысқаша тарихы мен елорданың өткенінен және бүгінгі күнінен сыр шертетін туындылармен қатар, Тұңғыш Президентіміздің астанамыздың көркейюі, қаланың қалыптасуы мен дамуына қoқан елеулі үлесі жайлы әдебиеттер мен фотосуреттер, Елордамыз туралы газет-журналдар беттеріне шыққан мақалалар қойылды. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Ж.Тоқаевтың Астана қаласын Нұр-Сұлтанға ауыстыру жарлығы да көрмеден орын алды. Жалпы көрмеге кітап қорымызан 50-ге жуық кітап қойылды.

